

Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің жанындағы Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияны тарату жөнінде

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 15 желтоқсан N 1412

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің жанындағы Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия таратылсын.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бұрынғы Байланыс министрлігінің жанындағы Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның қызметін және 5 адамнан тұратын жұмыс аппаратын Байланыс департаментіне берсін.
3. "Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің жанынан

Телекоммуникациялар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қаңтардағы N 37 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 804 "Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің қарамағына кіретін кәсіпорындардың тізбесіне тиісті өзгертулер енгізілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары